


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

2(10)2025



ӘОЖ 93/94:908

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр)

Ш.Н. Нағимов¹, Ж.Р. Байғалиев²

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

²«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Андатпа. Мақалада Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласының білім және ғылым саласының даму тарихы баяндалған. Бұл өңірде алғашқы мектептер XIX ғасырдың екінші жартысында ашылды, ал XX ғасырда Атырау қаласы білім және ғылым орталығына айнала бастады. Мұнда орта мектептер мен жоғары оқу орындары, ғылыми зерттеу институттары мен зертханалар ашылып, білім беру жүйесінің сапасы артты. Сонымен қатар, қаланың индустриализациялануы білім беру саласының дамуына үлкен ықпал етті. Атырау қаласының ғылыми әлеуеті мұнай және газ өнеркәсібі саласында да айқын көрінеді. Ғылыми-зерттеу институттар мен тәжірибелік лабораториялар мұнай-газ саласындағы жаңа технологияларды дамытуға бағытталған. Бүгінде Атырау қаласында білім беру мен ғылыми зерттеу саласы қарқынды даму үстінде, көптеген жастар өз білімдерін шыңдап, әлемдік деңгейде білім алып, ғылым саласында табысты нәтижелер көрсетуде. Білім мен ғылым ұлттың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болып табылады. Олар тек жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның да дамуына ықпал етеді. Білім беру жүйесі сапалы болған кезде, ұлттың интеллектуалдық деңгейі көтеріледі, жаңа идеялар мен инновациялар туындайды. Ғылым арқылы жаңа технологиялар мен әдістер әзірленіп, өндірістік, медициналық және басқа да салалардағы жетістіктер артады. Ғылым арқылы жаңа технологиялар мен жетістіктер енгізіліп, экономика мен өндіріс салаларында ілгерілеу орын алады. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, жаһандық аренада өз орнын табуына мүмкіндік беретін маңызды факторлардың бірі – ғылым мен білімнің дамуы.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақалада ҚР Орталық мемлекеттік архиві, Атырау облыстық архиві материалдары және жеке зерттеулер пайдаланылды. Зерттеуде теориялық талдау, салыстырмалы зерттеу, статистикалық әдістер, сауалнама және сұхбат жүргізу тәсілдері қолданылды. Ғылым мен білім қоғамда тәрбиелік рөл атқарып, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға, мәдениет пен өнердің өркендеуіне келтірер пайдасы баяндалды. Сондай-ақ, білім мен ғылым ұлттың өркендеуіне, бәсекеге қабілетті болуына және әлемдік аренада беделін арттырудағы мүмкіндіктері сараланды. Зерттеу барысында объективтілік пен дәлдікке ерекше назар аударылады, ал алынған нәтижелер ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларға негізделді.

Тірек сөздер: білім, ғылым, мектеп, колледж, университет, Атырау, медресе.

Сілтеме жасау үшін: Нағимов Ш.Н., Байғалиев Ж.Р. Атырау қаласында білім мен ғылымның дамуы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр) // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), 37-46 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.03

РАЗВИТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ В ГОРОДЕ АТЫРАУ (вторая половина XIX века и XX век)

Ш.Н. Нағимов¹, Ж.Р. Байғалиев²

¹Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова

²Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық»

Аннотация. В статье изложена история развития образования и науки в городе Атырау (бывший Гурьев). В этом регионе первые школы начали открываться во второй половине XIX века, а в XX веке Атырау стал центром образования и науки. Здесь были открыты средние школы, высшие учебные заведения, научно-исследовательские институты

и лаборатории, что способствовало повышению качества образовательной системы. Кроме того, индустриализация города оказала значительное влияние на развитие образовательной сферы. Научный потенциал Атырау также проявляется в нефтегазовой отрасли. Научно-исследовательские институты и опытные лаборатории ориентированы на разработку новых технологий в нефтегазовой отрасли. Сегодня в Атырау активно развивается образование и научные исследования, многие молодые люди совершенствуют свои знания, получают образование мирового уровня и показывают успешные результаты в науке. Образование и наука являются основой социально-экономического развития нации. Они влияют не только на развитие отдельных людей, но и на развитие общества в целом. Когда система образования качественная, интеллектуальный уровень нации повышается, появляются новые идеи и инновации. С помощью науки разрабатываются новые технологии и методы, что способствует прогрессу в таких сферах, как производство, медицина и другие отрасли. С помощью науки внедряются новые технологии и достижения, что способствует прогрессу в экономике и промышленности. Один из важных факторов, способствующих конкурентоспособности нации и ее укреплению на глобальной арене - это развитие науки и образования.

Материалы и методы исследования. В исследовании использованы материалы из Центрального государственного архива РК, Архива Атырауской области и личных исследований. В работе применялись методы теоретического анализа, сравнительного исследования, статистические методы, а также проведение опросов и интервью. Рассмотрены также воспитательная роль науки и образования в обществе, их вклад в сохранение и развитие национальных ценностей, а также в процветание культуры и искусства. В статье также анализируются возможности науки и образования для развития нации, повышения ее конкурентоспособности и укрепления ее авторитета на мировой арене. В процессе исследования особое внимание уделяется объективности и точности, а полученные результаты обоснованы научными выводами и заключениями.

Ключевые слова. образование, наука, школа, колледж, университет, Атырау, медресе.

Для цитирования: Нагимов Ш.Н., Байгалиев Ж.Р. Развитие образования и науки в городе Атырау (вторая половина XIX века и XX век) // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), с. 37-46. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.03

DEVELOPMENT OF EDUCATION AND SCIENCE IN THE CITY OF ATYRAU (second half of the XIX century and XX century)

Sh.N. Nagimov¹, Zh.R. Baygaliev²

¹Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov

²State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyk"

Abstract. The article explores the history of the development of education and science in Atyrau (formerly Guryev). The first schools in this region began to open in the second half of the 19th century, and by the 20th century, Atyrau had become a center of education and science. Secondary schools, higher educational institutions, research institutes, and laboratories were established, improving the quality of the education system. Moreover, the city's industrialization significantly influenced the development of the education sector. The scientific potential of Atyrau is also evident in the oil and gas industry. Research institutes and experimental laboratories are focused on developing new technologies in this field. Nowadays, the education and scientific research sectors in Atyrau are rapidly evolving, with many young people enhancing their knowledge, obtaining excellent education, and achieving successful results in science. Education and science are the foundation of a nation's socio-economic development. They contribute not only to the personal growth of individuals but also to the progress of society as a whole. A high-quality education system raises the intellectual level of the nation, fosters new ideas and innovations, and

advances various sectors such as industry and medicine. Science facilitates the development of new technologies and methods, leading to breakthroughs in multiple fields. Science enables new technologies and achievements to be introduced, driving progress in the economy and production sectors. One of the key factors in enhancing national competitiveness and securing a place in the global arena is the advancement of science and education.

Materials and methods of research. The study utilized materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Atyrau Regional Archive, and independent research sources. The research methods included theoretical analysis, comparative studies, statistical methods, surveys, and interviews. The study highlights the educational and cultural role of science in preserving and developing national values, as well as promoting cultural and artistic growth. Furthermore, the article examines how education and science contribute to national progress, competitiveness, and international recognition. The research prioritizes objectivity and accuracy, with findings based on scientific conclusions and analyses.

Keywords. Education, science, school, college, university, Atyrau, madrasah.

For citation: Nagimov Sh.N., Baygaliev Zh.R. Development of education and science in the city of Atyrau (second half of the XIX century and XX century) // MUSEUM.KZ. 2025. №2 (10), pp. 37-46. DOI 10.59103/muzkz.2025.10.03

Кіріспе. Патшалық Ресей үкіметі үстемдік еткен кезеңде Гурьев қаласындағы оқу-ағарту саласы өте нашар күйде болды. Орынбор губерниясына қараған бұл өлке халқының ағарту саласының дамуына өзінің қарсылығын сол кезде өмір сүрген бір патша шенеунігі: «Кейбір әріптестерімнің қырғыздар үшін мектептер ашу керек деген филантропиялық ұсыныстары мені мүлдем қызықтырмайды. Мен үшін олар сол бұрынғысынша қаратүнек білімсіз жағдайда өмір сүріп, олардың еш уақытта егін екпеуін, ғылымнан ғана емес, қолөнерден де хабарсыз болып қала бергенін тілеймін» деп білдірген болатын. Осындай көзқарастың кесірінен Гурьев қаласының өзінде 1857 жылға дейін бірде бір оқу орны болған жоқ.

Талқылау. 1871 жылы Орал мен Атырау (әрі қарай Гурьев) қалаларында алғашқы орыс-қазақ мектептері ашылды. Арнайы ғимараттың жоқтығынан олар тар және бейімсіз үйлерде орналасты. Бұл оқушы санының өсуіне кедергі келтірді. Бұл туралы Орынбор Әскери губернаторы Веревкин, мектеп санын көбейтпей, оқушы санын арттыру мүмкін емес екенін атап өтті.

Орал облысында қазақтар өз еркімен мектеп ашуға қаржы жинауды ұйымдастырды. Гурьев уезінде де мектеп ғимаратын салу үшін қаражат жинау ұсынылды. Гурьев уезінің қазақтары Гурьев қаласында қазақ мектебін ашуға 11 мың сом ақша жинап, 1877 жылы 20 мың сомға мектеп үйі сатып алынды.

Білім жөніндегі үкімет өкілі Катаринскийдің айтуы бойынша, «Гурьев қазақ мектебі бұрынғы көпес үйіне орналасқан. Мектепте екі класс болған». Мұғалім Машақовқа Катаринский мынадай мінездеме берді: «Төменгі класс мұғалімі Машақов, ұлты қырғыз, 1876 жылы Орынбор азаматтық гимназиясын тәмәмдаған, өз ісіне ынталы, өкінішке орай, жаңа оқу әдістерін білмейді, өз ісін қанағаттанарлықсыз жүргізеді». Мектепте оқу орыс тілінде жүргізілді.

Дәулетімбет Машақов Гурьев қаласында 1871 ашылған орыс тіліндегі мектепте тәжірибелі мұғалім Скворцовпен бірге ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, кейін бүкіл өлкенің мектептеріне халық арасында «двухклассниктер» деген атпен белгілі орыс тілі мұғалімдерін дайындайтын Орыс-қазақ училищесінің директоры болып істеп халық ағарту саласының өркендеуіне зор үлес қосты. Көрнекті педагог өзінің немере інісі Халел Досмұхамедовтың болашағына жол ашты. Мұрат Мөңкеұлы «Оқудан қайтқан жігітке» атты өлеңін Халел Досмұхамедовтың немере ағасы осы Дәулетімбетке арнап шығарған болатын.

Қазан төңкерісіне дейін жергілікті қазақтарға зайырлы білім беретін оқу орындары болып 2 кластық бастауыш мектептер саналған. Ол мектептер Атырау өлкесінде «Қызыл үй» деген атпен халыққа белгілі болды. «Қызыл үй» мектептеріне қажетті мұғалімдер Гурьев

қаласында 1890 жылы ашылған Ресей мемлекетінің Халық ағарту министрлігіне қарайтын 2-кластың орыс-қырғыз (русско-киргизское училище) училищесінде дайындалған. Бұл училищені ойдағыдай тәмәмдаған бесаспап мамандарға «Халық мұғалімі» деген лауазым берілген. «Гурьев орыс-қырғыз училищесін 1903 жылы бітірген халық мұғалімі Мырзағали Қаржауовтың осы оқу орнын бітіру туралы құжатынан төмендегі ғылым негіздерін оқығанын көреміз: орыс тілі, арифметика, геометрия, орыс тарихы, география, жаратылыстану, көркем жазу, сызу. Сонымен қатар училищеде шәкірттерді ұсталық өнерге үйретіп, ол бойынша емтихан тапсыртқан.

Қазан төңкерісіне дейін Атырау өлкесінде көптеген халық мұғалімдері білім алды, олардың қатарында Қазмағанбет Қарашин, Алпан Құдайбергенов, Хамидолла Нәубетов, Аманғали Асылалиев болды. XX ғасырдың басында Гурьев орыс-қырғыз училищесін Беликов басқарып, онда бірқатар білікті ұстаздар еңбек етті. Оқу орнында тәрбие мен тәртіпке ерекше мән беріліп, тәрбие саласында меңгеруші Стеблинов «Құрметті қадағалаушы» лауазымын иеленген.

Ресей әкімшілігі қазақ халқын отарлау мақсатында қазақтар арасында мұсылман дінінің ықпалын төмендету үшін мешіттер мен медреселер жанынан орыс сыныптарын ашуды талап етті. Осылайша, 1899-1907 жылдары Гурьевтегі медресе жанында орыс-татар мектебі ашылып ол 1908 жылы орыс сыныбына айналдырылды. Екі жылдан соң осы қаладағы 2 – ші медресенің жанынан да осындай орыс сыныбы құрылды.

1899-1907 жылдары Гурьев қаласының медресесі жанында жұмыс жасаған білім беру мекемесі өз жұмысын 1899 жылы бастады. Құжатта 1907 жылы «*сауат ашудың орыс-татар мектебі*» деп те жазылған. Ондағы ұстаздық құрам - 1899-1907 жылдары екі адамнан тұрды, ал 1908 жылы онда бір адам ғана жұмыс жасады. Ұзақ жылдар бойы мектеп молда Ідіріс (құжаттарда «Идрес», «Едрес», «Эдрес») деп жазылыпты. Ғалиев (меңгерушісі) 1899-1907 жылдары басқарды, мұғалімдер - орыс тілі пәнінің ұстаздары Тағанбай Бекжанов (1899-1900 жж.), Нұрпейіс Тұрлығұлов (кей құжатта Тұрлығов (1901-1903 жж.), Мырзағали Қаржауов (1904-1906 жж.) болды. Оқушылар саны туралы деректер толық берілмеген, бірер жылдары бойынша ғана көрсетілген: мұнда – 1899 жылы – 22 (оның – 10-ы ұл бала), 1901 жылы – 15 ұл бала білім алған.

Қазан төңкерісінен кейін білім беру жүйесінде өзгерістер басталды. 1920 жылы Гурьев уездік халық ағарту бөлімі құрылып, 26 адам жұмыс істеді. 1920-1921 жылдары өңірде 62 орыс-қазақ мектебі болды, оның ішінде ірілері Есбол, Жылыойқоса, Кермекас, Сокол мектептері еді. 1921 жылдың қыркүйегінде қаладағы мектеп саны 29-ға жетті. Қазан төңкерісінен соң мектептердің төмендегідей құрылымдары болған: 4 жылдық оқу мерзімімен 1-сатылы мектептер, 7 жылдық мектептер, олар 4 және 3 жыл мерзіммен екіге бөлінеді, 11 сатылы мектептер (бес жылдық).

1920 жылы Орынборда бірінші тәжірибелік мектеп-коммуна ашылды. Ол қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне орай жұмыс істеді. Бұдан бұрын-соңды Қазақстан мектептерінде ішкі жұмыс тәртібі мен оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереженің болмауы, олардың жұмысының мазмұнына кесел келтірді. Сондықтан Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда өлкеміздің ұлттық ерекшеліктеріне орай оқу жоспары құрылымын жасауға, өзгертуге айрықша мән берілді. 1921 жылдан бастап бағдарламалық-әдістемелік жұмыс Қазақстандағы Академиялық Орталық арқылы жүзеге асырылды [ҚР ОМА, Қор – 81, тізбе - 1, іс – 534, парақ - 1].

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары өлке мектептері С. Граменицкийдің, А.Е. Алекторовтың және т.б. төңкеріске дейінгі авторлардың оқулықтарымен жұмыс істеді. 1918 жылдың 25 қыркүйегінде Халық ағарту комиссариаты коллегиясының қаулысымен оқулықтар жазатын, орыс тілінде жазылған оқулықтарды аударатын «Түркі секциясы» құрылды. 1921 жылдың басында бұл секция «өзбек» және «қазақ» ғылыми комиссиялары болып қайта құрылды. Қазақтың ғылыми комиссиясы өзге ұлттар комиссияларынан өзінің мықты құрамымен ерекшеленді. Оның құрамында қазақ фольклорын зерттеуші, белгілі ғалым А.А. Диваев пен жас ғылыми қызметкер М. Әуезов болған еді.

1927 жылы инспектор Н. Бегалиев мектептерде оқулықтар мен кітапханалардың жетіспейтінін, қазақ мектептерінің оқу жоспарынсыз жұмыс істеп жатқанын атап өтті [Атырау облыстық архив, 131: 6-56].

1920-жылдары өлкенің қазақ мектептерінде Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл – құралы», Міржақып Дулатовтың «Есеп», Б. Курбанғалиевтің «Хисаб маселелери» (татар тілінде), Халел Досмұхамедовтің «Табиғаттану», Есполовтың «География», Айбасовтың «Тіршіліктану» оқулықтарын пайдаланды [ҚР ОМА, Қор – 81, тізбе - 1, іс – 919, парақ – 76-б].

Гурьев уездік халық ағарту бөлімі 1920 жылы құрылып, 1923 жылы Орал атқару комитетінің бөліміне айналды. Сол кезеңде уездегі жоғары білімді мұғалімдер аз болды. Тәжірибелі ұстаздар арасында Захарова Нина, Землянушева Екатерина, Плетнев Сергей, Харкин Михаил, Капкин Гавриил, Альжев Филипп, Берниязов Сәбит, Қонысов Шармұхамбет ерекше еңбектерімен көзге түсті.

1920 жылы мектептер өте нашар жағдайда болды. Құрылыс материалдары, отын мен пеш салушылар жетіспеді, сондықтан мектепті жылыту үшін қамыс жағуға мәжбүр болды. Мұғалімдер азық-түлік тапшылығын көріп, мектептерде орын, оқулық және жазу құралдары да жеткіліксіз болды [Атырау облыстық архив, 131: 6-61]. 1923-1924 оқу жылдары уезде оқу төмендегідей болды (Кесте 1) [Атырау облыстық архив, 131: 6-60].

Қалалар, болыстар, ауыл кеңестер	Мектеп саны		Оның ішінде қазақ мектебі	Мұғалімдер саны	Ескерту
	Бірінші саты	Екінші саты			
Гурьев қаласы	10	1	2	30	
Редут болысы	5	-	-	4	
Топайлы болысы	4	-	4	4	
Ракуша болысы	5	-	6	9	1 аралас мектеп
Сарыкөл болысы	6	-	3	6	
Қызылқоға болысы	3	-	11	7	
Есбол болысы	11	-	11	11	
Соколинск болысы	12	-	12	12	
Ембі болысы	4	-	4	6	
Ембі-Атырау	1	-	1	1	
Доссор с/советі	2	-	1	9	
Мақат с/советі	1	-	-	1	
Барлығы қала бойынша	10	1	2	30	
Ауыл бойынша	54	-	53	70	
Барлығы	72	1	55	100	

Кесте 1. Гурьев уездік халық ағарту бөлімінің 1920 ж. мектептері жағдайы

Әкімшіл-әміршіл жүйе күш қолдану, адам құқын аяқасты ету әдісін де қолдана берді. Жергілікті кеңестер мен халық ағарту бөлімдері кулактар мен байлардың кәмпескеленген үйлерін, бұрынғы шіркеу, мешіт үйлерін есепке алып, олар жергілікті халыққа мектеп ретінде пайдалануға берілді.

1920-30 жылдары Гурьев қаласында Қазан төңкерісіне дейін ашылған мектептермен қатар жаңа мектептер де ашыла бастады. 1917 жылы ашылған орыс-қазақ мектебінің базасында 1930 жылы қазақ жеті жылдық мектебі ұйымдастырылды. 1935 жылы ол 2-сатылы мектепке айналды. 1937 жылға дейін ол мектеп Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О. Исаевтың атында болып, 1938 жылы үкімет қаулысымен мектепке Жамбыл аты берілді. Мектептің алғашқы басшылары: Муньянов Әбілхаш (1928-1934), Тәжібаев Қамаш

(1934-1939), Хайрушев Ахмет, Байнашев, Қасымов Әндіржан (1940-1942), Қанатбаев Бержан (1942-1943), Рысмағанбетов Қайыржан (1943-1949), Қойлыбаева Бибіжан (1949), Байбосынов Дүйсенғали (1950-1957).

1935-1936 оқу жылында аталған мектепте 19 сыныпта 795 шәкірт дәріс алды, 17 педагог жұмыс жасады. 1935-1938 жылдардың арасында қала мектептерінде мұғалімдерді сұрыптау (аттестаттау) мұқият жүргізілген. 1938 жылғы 9 қаңтарда КСРО Халық ағарту комиссары Сүйіншалин «Бастауыш және орта мектептер мұғалімдері атағын алу үшін қазіргі бастауыш, толық емес орта және орта мектептерде жұмыс жасап жүрген мұғалімдерді аттестациялаудан өткізу туралы нұсқау бекітті». 1938 жылдың 1 тамызына дейін мұғалімдерді аттестаттау жоспарланды. Мақат ауданында 74 мұғалім аттестаттауға жатқызылды. Жылыой мен Мақатта аттестация 1936 жылдың қыркүйек-қазан айларында өтті. Қатаң сұрыптау нәтижесінде 7 мұғалім аттестациядан өтіп, үшеуі – Масаев Кенжеғұл, Қарағұлов Қамияр, Қосжанов Бердібай – білімдері мен әдістемелік дайындықтарының жеткіліксіздігі себепті жұмыстан босатылды [Атырау облыстық архив, 334: 5-6].

Ұлы Отан соғысы жылдарында білім беру қызметкерлері де соғысқа аттанды, мектеп ғимараттары әскери қажетке пайдаланылды. Бөлмелер жетіспегендіктен, оқу үш-төрт кезекте өтті, сабақ уақыты қысқартылды. Жылыту мен оқулық тапшылығы қиындық туғызды, оқушылар газет беттері мен тұрмыстық қағаздарға жазды. Сүзек ауруы таралып, 35-40 оқушының 10-15-і ауырды. Соған қарамастан, үлгерім сапасы жақсы болды. 1938-1942 жылдары мұғалімдер Жоламанов, Сандыбаев, Захаров, Борисевич, Бурцева, Ремпель, Елеубаев және басқалар жанқиярлықпен еңбек етті [Қаржанов, 1997: 32].

Мектептерде әр түрлі үлкен кедергілерге қарамастан, кештер, театрландырылған тәрбие шаралары, Жаңа Жыл шыршалары өткізіліп отырған. Ұлы Отан соғысы қарсаңында 1939 жылы Гурьев облысында 205 бастауыш, 68 жеті жылдық және 25 орта мектепте 42 мың шәкірт оқып, сапалы білім алуда еді. Алғыр, білікті педагогтарды дайындауда Гурьев педучилищесі зор рөл атқарды. 1940 жылы маусымда педучилищеде 580 түлек оқыды, ал оның сырттай және кешкі педкурстарында 780 адам қамтылды.

Ұлы Отан соғысында көптеген ағарту қызметкерлері өздерінің ерен ерлігімен көзге түсті. Олардың қатарында болған Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім Сабыр Қазыбаев, дербес зейнеткер, көрнекті педагог, қоғам қайраткері Шоқан Қаржауов, біраз жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтын басқарған Дүйсенғали Байбосынов, ғалым-ұстаздар Х. Ахметжанов, Д.Канцев, мектеп пен білім беру органдарын басқарған Р. Тілесов, Н. Сусленко, Г. Липатов, С.Л. Попов, Ж. Мышанов, Ж. Бисенғалиев, З. Зұлқашев, М. Мұхамбеталиев, Ш. Өтегенов, Х. Шудабаев, С. Құрманбаев, мектеп мұғалімдері З. Төрқұлов, Қ.А. Нехриков, В.Г. Образцов есімдері облыстық білім мұражайында көрнекті орын алды [Атырау облыстық архив, 49: 7-61].

1960 жылы 3 қатарлы жаңа типті мектеп үйі салынып, іске қосылды. Сол жылдары мектеп директоры Телеубаев Мырзағұат (196-62), Нысанбаев Әжіғали (1962-68), Сабиров Құрмет (1968-69), Бегалиева Дәметкен (1969-79), Хабиев Тауфих (1979-9000), Калимов Табиғат (1990-96), 1996 жылдан Жаңылсын Қатапқызы Өтешқалиева басқарды. 2004-2005 оқу жылы мектепте АДЖИП компаниясының демеушілігімен күрделі жөндеу жұмысы жүрді.

Бұл бағыттар мұғалімдер білімін жетілдіру институтының ғылыми-практикалық шаралары арқылы жүзеге асты. Қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту бойынша тірек мектептері белгіленіп, озат тәжірибелер таратылды. Жетілдірілген оқу бағдарламалары бірнеше мектептерде енгізілді.

Гурьев педагогика училищесі 1929 жылы құрылып, алғашқы түлектерін 1932 жылы дайындады. 1937 жылы училище мәртебесін алды. Директоры Ш. Қаржауов кезінде оқу базасы нығайтып, сырттай бөлімдер ашылды. Ұлы Отан соғысында оқытушылар мен түлектер майданға аттанып, ерлік көрсетті.

1949-1956 жылдары училище директоры қызметін атқарған Қатира Дүтбаева, онда үш түрлі мамандықты қамтитын бағдарлама енгізді. 1993 жылы оқу орнына оның есімі берілді. Ұстаз еңбегі шәкірттері мен әріптестерінің жадында сақталды.

Дина Нұрпейісова атындағы Атырау музыкалық колледжі жастарға рухани тәрбие беруге, олардың эстетикалық талап-тілектерін арттыруға, сондай-ақ облысқа қажетті кәсіби музыка мамандарын дайындауға зор үлес қосып келе жатқан бірден-бір оқу орны болып табылады. Ол 1958 жылы қыркүйекте Үкіметтің № 1644 жарлығымен ашылған болатын. Училищеге Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның түлегі домбырашы Сейілхан Құсайынов басшылық қызметке келді.

Атырау музыкалық колледжін есімі республика жұртшылығына кеңінен таныс өнер саңлақтары бітіргенін оқу ұжымы орынды мақтан етеді. Олардың арасынан Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің Бас дирижері және көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасы өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, профессор Айтқали Жайымовты, Республикаға еңбегі сіңген артистер Роза Айдарбаеваны, Гүлсара Ізтелеуованы, Роза Қойшиеваны, Республиканың жастар сыйлығының лауреаты, домбырашы-композитор Шәміл Әбілтаевті, әйгілі домбыра жасаушы шебер Муса Әділовты ерекше атауға болады.

Кіші өнер академиясының алғашқы директоры Қ. Қайненов дарынды жастарды тәрбиелеуде үлкен үлес қосты. Ұжым тәжірибелі мамандардан құралған, олардың қатарында халық әртісі Рысбай Ғабдиев, суретші Әділхаир Жантасов, республикалық сайыстардың лауреаттары, әдіскер-мұғалімдер мен жоғары санатты ұстаздар бар.

1990-1993 жылдары Гурье қалалық, Махамбет, Жылыой аудандық оқу бөлімдерінің әдістемелік кабинеттері арқылы институттың кабинет меңгерушілері Айтқалиеваның, Арбағұлованың, Измұқановтың ұйымдастыруымен облыс мектептерінде жанашыл-мұғалімдер Лысенкованың, Шаталовтың, Айтқалиевтың, Ысқақовтың және т.б. идеялары таратылып, дәстүрлі емес сабақтарды өткізу тәжірибесі іске асырылды. Сол кезде саралап оқыту, жаңа режимді оқу орындарының модельдерін жасау жұмыстары жүргізіліп, оқу-тәрбие процесіне халықтық педагогика идеялары кеңінен қолданыла бастады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде, 1990 жылдың қыркүйегінен бастап дарынды балаларға арналған облыстық эксперименттік мектеп ашылды. 1992 жылы мектеп облыс әкімінің шешімімен ұлттық гимназияға айналды. Білім үздігі Н. Дауымов басқаратын бұл гимназия қазір облыстағы іргелі оқу орындарының бірі.

Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі – мұнай-газ саласы мамандарын даярлайтын Қазақстандағы ең көне оқу орындарының бірі. 1930 жылы мұнай өндірісіне техникалық кадрлар қажеттілігіне байланысты құрылған. Алғашында 4 кафедрамен басталып, кейін 8 кафедраға кеңейді. 1940 жылға қарай 262 студент мамандық алып шықты.

Аса көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Халел Досмухамедовтың есімімен аталатын Атырау университеті Батыс Қазақстанда 70 жылдың үстінде білім нәрімен жастарды сусындатып келе жатқан жоғары оқу орны. Университет қазіргі таңда өңірдегі ағартушылық ақыл-ойдың нәр алатын қайнар бұлағы, білімнің алуан салаларын шоғырландыра алған шын мәніндегі қасиетті орталық болып отыр. Оның қалыптасу тарихы қалай басталды?

Атырау облысының орталығы Атырау қаласында жоғары оқу орнын ашу мәселесі Ұлы Отан соғысы басталу қарсаңында Қазақстан үкіметі алдына әлденеше рет қойылған болатын. Бұл мәселенің күн тәртібіне қойылу себебі, облыс мектептерінде мұғалім кадрлардың мүлдем жетіспеуіне байланысты туындаған еді. Айтылған олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Қазақ ССР Халық комиссарлар Кеңесі 1939 жылы Гурьев қаласында екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы қаулы қабылдады. Қаулы бойынша институтқа 120 студент қабылдануға тиісті еді.

1940 жылы Гурьевте мұғалімдер институтын ашу жоспарланғанымен, Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты жүзеге аспады. Соғыстан кейін мұғалім тапшылығы күшейіп, 1950 жылы 14 маусымда Қазақстан үкіметі Гурьевте мұғалімдер институтын ашу

туралы қаулы қабылдады. Тамыз айында институт ашылып, оның алғашқы директоры Құспан Темірғалиев болған.

Еліміз үшін экономикалық қуатты аймағының іргелі жоғары оқу орны – Халел Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университет – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, дамуының барлық кезеңдерінде қоғамдық өмірге белсене араласты. Оның бүгінгі жетістіктері дәстүрлер мен факультет қалыптастырған жаңа инновациялық жобалардың тиімді үйлесімінің арқасында мүмкін болып отыр. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 1940 жылы құрылып, 1955 жылы педагогикалық институт, 1994 жылы университет мәртебесін алды. 2020 жылы коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналып, қаржылық және академиялық дербестігін нығайтты. Университет аймақтың дамуына үлес қосып, цифрландыру саласында технологиялық құзыреттер орталығын, химиялық технологиялар, экология, биотехнология және кешенді зерттеулер зертханаларын ашты. Ірі кәсіпорындармен серіктестікте жаңа ІТ бағдарламалар енгізілді. Ғылыми зерттеулердің ауқымы кеңейіп, халықаралық ынтымақтастық күшейді. Ресей, Түркия, Канада, Ұлыбритания және басқа елдермен бірлескен жобалар жүзеге асуда. Эразмус+ және инклюзивті білім беру бойынша халықаралық бағдарламалар іске қосылды. Педагогикалық кадр тапшылығын шешу үшін «ҰСТАЗ» мектебі құрылды, ал дарынды жастарды қолдау мақсатында гранттар мен шәкіртақы жүйесі енгізілді. Университет студенттік өзін-өзі басқару мен жастар бастамаларын дамытуда белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазір Атырау университетінің құрамында 6 факультет, 32 кафедра, дайындық, қашықтан оқыту, магистратура болімдері, ғылыми кітапханалар, ақпараттық-есептеу лабораториясы, компьютерлік-баспа орталығы, ғылыми орталықтар, оқу-зерттеу лабораториялары, тарихи мұражай, жүзу бассейндері бар спорттық кешен, бірнеше оқу корпусы және жатақханасы кіретін күрделі ғылыми-оқу және ұйымдастырушылық құрылымдар бар. Университетте қазір 207 магистр, 15 ғылым докторы, профессорлар және 95 ғылым кандидаттары мен 34 PhD докторлары еңбек етеді. Жоғары оқу орны 71 бакалавр, 35 магистр, 1 доктор мамандығы бойынша мамандар дайындайды. Университет түлектерінің арасында есімдері бүкіл елімізге әйгілі қайраткерлер баршылық. Олар: Қазақстанның халық жазушысы Фариза Оңғарсынова, қоғам және мемлекет қайраткерлері Сарсенбай Еңсегенов, Қатимолла Ризуанов, Әнес Бисенов, Мұрат Өтешев, СССР-ге еңбегі сіңген спорт шебері, жеңіл атлетикадан Еуропа чемпионы және Токио олимпиадасының жүлдегері Әмин Тұяқов, белгілі былғары қолғап шебері Болат Теміров және басқалар.

Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің тарихы Гурьев (қазіргі Атырау) қаласында Бүкілодақтық сырттай политехникалық институтының оқу-консультациялық орталығы ашылған 1959 жылдан басталады. Бұл Қазақстанда жоғары білікті мұнайшыларды даярлаудың бастауын көрсетті. 1978 жылы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының оқу-консультациялық орталығы, 1980 жылы ҚазПТИ жалпы техникалық факультеті, 1990 жылы ҚазПТИ Атырау филиалы 5 жыл бойы білім алған студенттерді алғаш рет қабылдады, 1996 жылы Мұнай және газ институты Атырау университетіне қосылды, 1998 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 наурыздағы қаулысымен Мұнай және газ институты АМУ құрамынан шығарылып, дербес мемлекеттік жоғары оқу орны – Атырау мұнай және газ институты болды [Нағимов, 1999].

Қорытынды. Ғылым мен білім шынымен де адамзаттың дамуына, күрделі мәселелерді шешуге және өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін қуатты құрал. Ғылыми зерттеулер әлемді жақсы жаққа өзгерте алатын жаңа ашылуларға, технологиялар мен инновацияларға әкеледі. Білім сонымен қатар сыни ойлауға және бізді қоршаған әлемді түсінуге ықпал етеді. Жоғары оқу орындарындағы ғылым мен білім мамандар даярлауда және жалпы қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады. Міне, университеттердегі ғылым мен білімнің маңыздылығын көрсететін кейбір аспектілер: мамандарды оқыту және даярлау, зерттеу, инновациялар, әртүрлі ғылыми пәндер арасындағы өзара әрекеттесуге жиі ықпал етіп, күрделі мәселелердің кешенді шешімдерін табуға мүмкіндік беретін пәнаралық көзқарас, студенттердің азаматтық ұстанымын қалыптастыруда, олардың бойында ғылым,

білім құндылықтарын және қоғам алдындағы жауапкершілікті сіңіруде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік жауапкершілік, халықаралық ғылыми жобалар мен алмасуларға белсенді түрде қатысып, білім мен озық тәжірибені таратуға ықпал етуде ғылымның жаһандануы, білім беруді цифрландыру: онлайн курстар, электронды кітапханалар және білім беру платформалары сияқты технологиялық жетістіктер білім беруді қолжетімді етеді. Студенттер жаһандық білім алмасуды жеңілдеті отырып, әлемнің кез келген нүктесінен оқи алады. Осылайша, университеттер студенттерге білім беріп қана қоймай, ғылыми және мәдени дамудың маңызды орталықтарына айналып отыр.

ӘДЕБИЕТ

- Атырау облыстық архиві. 131-қор. 1-тізбе, 270-іс. 56-б.
 Атырау облыстық архиві. 131-қор, 1-тізбе, 47-іс, 61-б.
 Атырау облыстық архиві. 131-қор, 1-тізбе, 1-іс, 60-б. 9-кесте.
 Атырау облыстық архиві. 334-қор, 1-тізбе, 7-іс, 5-б.
 Атырау облыстық архиві. 334-қор, 1-тізбе, 7-іс, 5-б.
 Атырау облыстық архив. 49-қор, 1-тізбе, 61-іс, 7-61
 ҚР ОМА. Қор – 81, тізбе - 1, іс – 534, парақ – 1. 7-кесте.
 ҚР ОМА. Қор – 81, тізбе - 1, іс – 919, парақ – 76-б. 8-кесте.
Қаржанов Ш. Воспоминания о жизненном пути // Атырау. 1997. С. 32.
Нағымұлы Ш. Атырау-білім өлкесі. Алматы: Ғылым, 1999. 160 б.

REFERENCES

- Atyrau oblystyk arhivi. 131- kor. 1- tizbe, 270-ic. 56-6. (In Kazakh)
 Atyrau oblystyk arhivi. 131- kor, 1- tizbe, 47-ic, 61-6. (In Kazakh)
 Atyrau oblystyk arhivi. 131- kor, 1- tizbe, 1-is, 60-6. 9-keste. (In Kazakh)
 Atyrau oblystyk arhivi. 334 - kor, 1- tizbe, 7-ic, 5-6. (In Kazakh)
 Atyrau oblystyk arhivi. 334 - kor, 1- tizbe, 7-ic, 5-6. (In Kazakh)
 Atyrau oblystyk arhivi. 49 - kor, 1-tizbe, 61-is, 7-61. (In Kazakh)
 QR OMA. 81 - kor. 1- tizbe, 534-is. 1-parak, 7-keste. (In Kazakh)
 QR OMA. 81 - kor. 1- tizbe, 919-is. 76-6. 8-keste. (In Kazakh)
Karzhanov Sh. Vospominaniya o zhiznennom puti // Atyrau. 1997. P. 32. (In Russian)
Nağymuly Sh. Atyrau-bilim olkesi. Almaty: Gylym, 1999. 160 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет: Нағимов Шахман Нағимұлы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры (060000, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 212, Қазақстан), педагогика ғылымдарының кандидаты. <https://orcid.org/0000-00027664-4115>. E-mail: waxman45@mail.ru

Байғалиев Жүніс Рүстемұлы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері (060707, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, М. Қазірет 11, Қазақстан), тарих ғылымдарының магистрі. <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>. E-mail: baigalievzh@mail.ru

Сведения об авторах: Нагимов Шахман Нагимович – профессор Атырауского университета имени Х. Досмухамедова (060000, Республика Казахстан, город Атырау, проспект Студентов, 212), кандидат педагогических наук. <https://orcid.org/00000002-7664-4115>. E-mail: waxman45@mail.ru

Байғалиев Жунис Рустемович – старший научный сотрудник РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық» (060707, Республика Казахстан, Атырауская область, Махамбетский район, село Сарайчик, ул. М. Казырет, 11), магистр исторических наук. <https://orcid.org/0000-0001-9483-2278>. E-mail: baigalievzh@mail.ru

Information about the authors: Shakhman N. Nagimov – Professor at Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (060000, Atyrau city, Student Avenue, 212, Kazakhstan),

Candidate of Pedagogical Sciences. <https://orcid.org/0000-0002-7664-4115> E-mail: waxman45@mail.ru

Zhunis R. Baigaliev – Senior Researcher at the State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyq» (060707, Atyrau region, Makhambet district, Saraychik village, M. Khaziret 11, Kazakhstan), Master of Historical Sciences. <https://orcid.org/0000-00019483-2278>. E-mail: baigalievzh@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 23.03.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 11.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.04.2025